

## Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есептеу қағидалары мен әдістемелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 29 наурыздағы N 41 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 6 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6207 болып енгізілді.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 3-бабының 2-тармағының 11) тармақшасын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есептеу қағидалары мен әдістемелері бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушыларға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені Бекіту туралы және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 2186 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы" 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 1 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі № 214 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2432 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

5. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Түсіпов) 2010 жылғы 31 тамызға дейінгі мерзімде "Банктік емес ұйымдар" модулін жетілдіруді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының 2010 жылғы 29  
наурыздағы № 41 қаулысымен  
бекітілді

### **Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есептеу қағидалары мен әдістемелері**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидалары мен әдістемелері "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу тәртібі мен әдістемелерін белгілейді.

Осы Қағидалар дауыс беруші акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі сауда-саттықты ұйымдастырушыға 3-тармақта белгіленген талаптар бөлігінде қолданылады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1-1. Осы Қағидаларда мына ұғымдар қолданылады:

1) арнаулы сауда-саттық - қаржы құралын орналастыратын, сататын, сатып алатын, иемденетін жалғыз сатушысы (сатып алушысы) бар қаржы құралын орналастыру, сату, сатып алу немесе иемдену бойынша биржалық сауда-саттық;

2) кепіл қоры - сауда-саттыққа қатысушының (қатысушылардың) міндеттемелерін оның (олардың) төлем қабілетсіздігі жағдайында жабу үшін арналған, сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелерінің кепіл жарналарынан қалыптастырылатын қор;

3) кепілді жарна - сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесі төлейтін және сауда-саттықты ұйымдастырушы жүргізетін сауда-саттыққа қатысуға оған рұқсат ету

үшін және олар қызмет көрсететін сауда мүшелеріне рұқсат ету үшін міндетті талап болып табылатын жарна;

4) маржалық шот - биржалық сауда-саттықтың қатысушылары мерзімді келісім-шарттар бойынша иемденген (сатылған) мерзімді келісім-шарттардың санына пропорционалды төлейтін және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес есептелетін мерзімді келісім-шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін қолданылатын сомаларды есепке алу мақсатында, сауда-саттықты ұйымдастырушысы клиринг мүшесінің атына ашатын шот;

5) мерзімді келісім-шарт - сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптармен, мерзімін ұзартып орындаумен қаржы құралын абсолюттік және шартты сатып алу-сату шарты;

6) резервтік қор - сауда-саттыққа қатысушылардың міндеттемелерін жабу үшін арналған, сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушының меншікті қаражатынан қалыптастырылатын қор.

7) сауда-саттыққа қатысушысы - сауда-саттықты ұйымдастырушы өткізетін сауда-саттыққа қатысатын сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесі.

**Ескерту: Ереже 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.10.29 N 160 (ҚР ӘМ мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

2. Осы Қағидалардың мақсаты үшін Standard&Poor's агенттігінің рейтингілік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингілік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингілік агенттіктер) рейтингілік бағалары танылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

## **2-тарау. "Капиталдың барынша төмен мөлшері" пруденциалдық нормативі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушының жарғылық капиталының барынша төмен мөлшері тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 140 000 (жүз қырық мың) еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен кем еместі құрайды.

4. Сауда-саттықты ұйымдастырушының меншікті капиталының барынша төмен мөлшері тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы Қазақстан

Республикасының Заңында белгіленген 140 000 (жүз қырық мың) еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен кем еместі құрайды.

### 3-тарау. "Меншікті капиталдың жеткіліктілігі" пруденциалдық нормативін есеп айырысу әдістемесі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Сауда-саттықты ұйымдастырушының меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті 0,5 кем еместі құрайды.

6. Сауда-саттықты ұйымдастырушының меншікті капиталының жеткіліктілігі  $K_1$  коэффициентімен сипатталады.

$K_1$  коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K_1 = MK / (K_T + O_T),$$

мұнда:

1)  $MK$  – сауда-саттықты ұйымдастырушының меншікті капиталы мыналарды:

сауда-саттықты ұйымдастырушының негізгі қызметінің мақсаты үшін сатып алынған және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі комитеттің Басқармасы 1998 жылы шілдеде бекіткен, 1999 жылғы 1 шілдеден бастап немесе кейін басталатын кезеңдерді қамтитын қаржылық есептілік үшін күшіне енгізілген 38 "Материалдық емес активтер" халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - 38 Халықаралық қаржылық есептілік стандарты) сәйкес келетін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда, материалдық емес активтерді;

өткен жылдардың шығындарын;

ағымдағы жылдың шығыстарынан ағымдағы жылдың кірістері асып кетуін;

сауда-саттықты ұйымдастырушының заңды тұлғаның акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлесіне) инвестицияларын (сауда-саттықты ұйымдастырушының салымдарын) шегергенде,

мыналардың:

сатып алынған меншікті жай акцияларды шегергенде, жай акциялар бөлігінде жарғылық капиталдың;

меншікті сатып алынған артықшылық берілген акцияларды шегергенде, артықшылық берілген акциялар бөлігінде жарғылық капиталдың;

қосымша капиталдың;

өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісінің;

өткен жылдардың таза кірісі есебінен қалыптастырылған қорлардың, резервтердің;

ағымдағы жылдың шығыстарынан ағымдағы жылдың кірістері асып кетуі сомасы ретінде есептеледі;

2) Кт - осы Қағидаларға 1-қосымшаға (бұдан әрі - 1-қосымша) сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушы активтерінің кестесіне, осы Қағидаларға 2-қосымшаға (бұдан әрі - 2-қосымша) сәйкес Кредиттік тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесіне, осы Қағидаларға 3-қосымшаға (бұдан әрі - 3-қосымша) сәйкес Кредиттік тәуекелді ескеріп мөлшерленген туынды қаржы құралдарының кестесіне сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, туынды қаржы құралдарының сомасы ретінде есептелетін кредиттік тәуекел.

Кредиттік тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленетін шартты және ықтимал міндеттемелер осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер қосындысының сауда-саттықты ұйымдастырушы сәйкес кредиттік тәуекелге ұшырайтын, осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген заемшының санатына сәйкес келетін тәуекелдің деңгейіне туындысы ретінде анықталады.

Своптар, фьючерстер, опциондар, форвардтар аталған қаржы құралдарының нарықтық құнының және олар бойынша кредиттік тәуекелдің қосындысын осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген қарсы агенттің санатына сәйкес келетін тәуекелдің деңгейіне көбейту жолымен кредиттік тәуекелді ескеріп мөлшерленген шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің есебіне енгізіледі.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел аталған қаржы құралдарының номиналдық құнының осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген және аталған қаржы құралдарын өтеу мерзімімен анықталатын кредиттік тәуекел коэффициентіне туындысы ретінде есептеледі.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының рыноктық құны (ауыстыру құны) мынадай болып көрсетіледі:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша - берілген қаржы құралының номиналды шартты құнынан қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының асу мөлшері. Егер қаржы құралының ағымдағы нарықтық құны оның номиналды шартты құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады;

сатуға арналған мәмілелер бойынша - қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан қаржы құралының номиналды шартты құнының асу мөлшері. Егер қаржы құралының номиналды шартты құны оның ағымдағы нарықтық құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Бивалюталық қаржы құралдары бойынша (қаржы құралдары бойынша талап пен міндеттеме әр түрлі шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары бойынша) ауыстыру құны есептілікті құру күніне белгіленген бағам бойынша айқындалған міндеттемелердің теңгелік баламасынан талаптардың теңгелік баламасының асу мөлшері ретінде анықталады. Егер талаптардың теңгелік балама мөлшері

міндеттемелердің теңгелік баламасынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының номиналды шартты құны бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында мәмілелерді жасау күніне белгіленген қаржы құралдарының құны ретінде көрсетіледі. Бивалюталық қаржы құралдарының номиналды шартты құны ретінде сауда-саттықты ұйымдастырушының талаптары құрылатын валюта алынады.

Сатылған опциондар кредиттік тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің есебіне кіргізілмейді.

3) От – соңғы аяқталған үш жылдағы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі қаржы құралдармен жылдық сауда-саттық көлемінің орташа шамасының 0,0015 тең операциялық тәуекел коэффициентіне және 0,035 тең есептік коэффициентіне туындысы ретінде есептелетін операциялық тәуекел.

Жаңадан құрылған сауда-саттықты ұйымдастырушылар үшін операциялық тәуекел қаржылық жыл аяқталуы бойынша есептеледі және сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі жылдық сауда-саттық мөлшерінің орташа шамасы аяқталған жылдардың санына қарай есептеледі.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

#### **4-тарау. "Ағымдағы өтімділік" пруденциалдық нормативін есеп айырысу әдістемесі**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. K2 сауда-саттықты ұйымдастырушының ағымдағы өтімділігінің коэффициенті - 0,015 кем емес.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы K2 коэффициентінің мәнін осы Қағидаларға 4-қосымшаға (бұдан әрі - 4-қосымша) сәйкес K2 ағымдағы өтімділік коэффициентінің кестесіне сәйкес ай сайын есепті айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша есептейді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ағымдағы өтімділігінің коэффициенті (K2) мына формула бойынша орташа айлық негізде есептеледі:

$$K2 - \Theta A / (M + T + \Pi),$$

мұнда:

ӨА - осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген сауда-саттықты ұйымдастырушының жоғарғы өтімді активтерінің мөлшері;

М - шетел валютасымен сауда-саттық басталғанға дейін алдын ала төлем сомасы, шетел валютасымен сауда-саттық аяқталуы бойынша ақша қаражатының қалдығы, арнаулы сауда-саттық бойынша кепілді жарналардың сомасы, маржалық шоттардағы сома, мерзімді келісім-шарттар нарығы қатысушыларының жарналарынан қалыптастырылатын кепіл қорының мөлшері есебінен құрылатын сауда-саттықты ұйымдастырушының корреспонденттік шоттарындағы ақша сомасынан есептелетін сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда-саттыққа қатысушылары алдындағы міндеттемелерінің сомасы;

Т - сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің қаражатымен жауапкершілікті көтеретін , сауда-саттыққа қатысушыларының сауда-саттықты ұйымдастырушыға қоятын сауда-саттықтың нәтижесінде қалыптасқан нетто-талаптарының сомасы. Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттықты ұйымдастырушыға қоятын нетто-талаптарының сомасы (Т) осы Қағидалардың 9-1-тармағына сәйкес есептеледі;

Ш - сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген, нарықтың тиісті секторларында сауда-саттық жүргізілгенде техникалық іркіліс басталу нәтижесінде мүшеліктің барлық тиісті санаттары бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне сауда-саттықты ұйымдастырушымен өтеуге жататын барынша жоғарғы шығынның сомасы.

**Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.10.29 N 160 (ҚР ӘМ мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

9. Жоғары өтімді активтер есебіне мыналар енгізіледі:

- 1) кассадағы ақша;
- 2) тазартылған қымбат металдар;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы оларды кері сатып алу шарттарымен сатқан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілге берілген немесе өзгеше ауыртпашылық салынған бағалы қағаздарды қоспағанда, осы тармақшада көрсетілген бағалы қағаздар жоғары өтімді активтердің есебіне қосылады;

4) аталған салымдар бойынша сыйақыны және сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттыққа қатысу үшін және (немесе) сауда-саттықта жасасқан мәмілелер бойынша өздерінің міндеттемелерін орындау үшін сауда-саттықты ұйымдастырушының корреспонденттік шотына аударым жасаған ақшаны қоспағанда,

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ағымдағы және корреспонденттік шоттардағы ақша мен салымдар;

5) аталған салымдар бойынша сыйақыны және сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттыққа қатысу үшін және (немесе) сауда-саттықта жасасқан мәмілелер бойынша өздерінің міндеттемелерін орындау үшін сауда-саттықты ұйымдастырушының корреспонденттік шотына аударым жасаған ақшаны қоспағанда, жүз пайыз мөлшерінде есепке алынатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және "Standard&Poors" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес банктеріндегі ағымдағы және корреспонденттік шоттардағы ақша, талап етілгенге дейінгі және мерзімді салымдар;

6) аталған салымдар бойынша сыйақыны және сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттыққа қатысу үшін және (немесе) сауда-саттықта жасасқан мәмілелер бойынша өздерінің міндеттемелерін орындау үшін сауда-саттықты ұйымдастырушының корреспонденттік шотына аударым жасаған ақшаны қоспағанда, салым сомасынан сексен пайыз мөлшерінде есепке алынатын, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және "Standard&Poors" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB+"-тен "BB-" дейінгі ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard&Poors" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB+"-тен "kzBB" дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының банктеріндегі ағымдағы және корреспонденттік шоттарындағы ақша, талап етілгенге дейінгі және мерзімді салымдар;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**7) тармақшаның қолданысы 01.01.2012 дейін таралады - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.10.29 N 160 (2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

7) аталған салымдар бойынша сыйақыны және сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттыққа қатысу үшін және (немесе) сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша өздерінің міндеттемелерін орындау үшін сауда-саттықты ұйымдастырушының корреспонденттік шотына аударым жасаған ақшаны қоспағанда, алпыс пайыз мөлшерінде есепке алынатын, "Standard&Poors" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+"-тен "B"-ге дейінгі ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе "Standard&Poor" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша басқа рейтингтік агенттіктердің



бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы және корреспонденттік шоттардағы ақша, талап етілгенге дейінгі салымдар мен мерзімді салымдар.

**Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.10.29 N 160 (ҚР ӘМ мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

9-1. Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттықты ұйымдастырушыға қоятын нетто-талаптарының сомасы (Т) мына формула бойынша есептеледі:

$$T = \sum_{i=1}^n (C_i - Q_i),$$

мұнда:

n - мүше болудың барлық санаттары бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелерінің саны;

$C_i$  - сауда-саттықты ұйымдастырушының әр санатының i мүшесінің мүшеліктің осы санатына сәйкес келетін сауда-саттықты ұйымдастырушысының сауда жүйесінің секторында жасалған мәмілелер бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушыға теңге көрсетіліміндегі қойылатын, реттелмеген талаптары;

$Q_i$  - сауда-саттықты ұйымдастырушының әр санатының i мүшесінің мүшеліктің осы санатына сәйкес келетін сауда-саттықты ұйымдастырушысының сауда жүйесінің секторында жасалған мәмілелер бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушыға теңге көрсетіліміндегі қойылатын, реттелмеген міндеттемелері.

Егер сауда-саттықты ұйымдастырушының бір санатының i мүшесі үшін оның реттелмеген талаптары ( $C_i$ ) мен міндеттемелері ( $Q_i$ ) арасындағы айырмасы теріс шаманы құраса, онда осы санат бойынша осы мүшенің нетто-талабы нөлге тең болады.

Егер міндеттемелерді (талаптарды) орындау валютасы теңге болмаса, осы міндеттеменің (талаптың) теңге баламасы осы валютаның теңгеге орташа мөлшерленген биржалық бағамы бойынша есептеледі.

Егер есептелген Т мәні сауда-саттықты ұйымдастырушының қаражатынан қалыптастырылған резервтік қордың мөлшерінен көп болса, Т осы резервтік қордың мөлшеріне теңестіріледі.

**Ескерту: Ереже 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.10.29 N 160 (ҚР ӘМ**

мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**5-тарау. Пруденциалдық нормативтерді және пруденциалдық нормативтерді есептеу үшін қосымша мәліметтерді есептеу тәртібі**

Ескерту. 5-тарау алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы  
үшін пруденциалдық  
нормативтердің  
мәндерін есептеу қағидалары  
мен әдістемелеріне  
1-қосымша

**Сауда-саттықты ұйымдастырушының салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерінің кестесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Баптардың атауы	Тәуекел дәрежесі пайызбен
I топ		
1	Қолма-қол теңге	0
2	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы	0
3	Тазартылған бағалы металдар	0
4	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар	0
5	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	0
6	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	0

7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің дебиторлық берешегі	0
8	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының салықтар мен бюджетке төленетін басқа төлемдер бойынша дебиторлық берешегі	0
9	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0
10	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар	
11	"Standard & Poor's" агенттігінің " AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	0
12	"Standard & Poor's" агенттігінің " AA-"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	0
II топ		
13	"Standard & Poor's" агенттігінің " AA-"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы	20
14	"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының корреспонденттік шоттарындағы ақша	
	"Standard & Poor's" агенттігінің " AA-"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік	

15	агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	20
16	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	20
17	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	20
18	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар	20
19	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың корреспонденттік шоттарындағы ақша	20
20	I тәуекел тобына жатқызылған дебиторлық берешекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының дебиторлық берешегі	20
21	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	20
22	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	20
	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік	

23	агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	20
24	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	20
25	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	20
26	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	20
27	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және "Standard & Poor's" агенттігінің "AAA"-дан "AA"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан "kzAA"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары	20
III топ		
28	Тазартылмаған бағалы металдар	50
29	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	50
30	"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар	50
	"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі	

31	тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	50
32	"Standard & Poog's" агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	50
33	"Standard & Poog's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар	50
34	"Standard & Poog's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың корреспонденттік шоттарындағы ақша	50
35	"Standard & Poog's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	50
36	"Standard & Poog's" агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	50
37	"Standard & Poog's" агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	50
38	"Standard & Poog's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар	50

	елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	
39	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	50
